

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 7 наурыз N 301-II.

Астанада 2000 жылғы 21 қаңтарда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану туралы**

**КЕЛІСІМ (2002 жылғы 16 сәуірде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 6, 48-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

Шолпан Ата қаласында 1994 жылдың 30 сәуірінде қол қойылған Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қырғыз Республикасының арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы шартты басшылыққа ала отырып;

су ресурстарының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық құндылығын тани отырып;

су ресурстарын пайдаланудағы өзара тиімді ынтымақтастыққа және мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор маңыз бере отырып;

су ресурстарының саласында жалпыға бірдей танылған халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес су шаруашылығы құрылыстарын тиімді пайдалануда неғұрлым жетілдірілген және әділ шешімді табуға ортақ ниет білдіре отырып;

тату көршілік, тең құқықтық, өзара көмек көрсету қағидаттарын ескере отырып; төмендегілер туралы келісті:

Тараптар су ресурстарын пайдаланудың, мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдаланудың және оларға техникалық күтім жасаудың мақсаты әділ әрі байыпты негіздегі өзара тиімділікке қол жеткізу болуы тиіс екендігін таниды.

## **2-бап**

Тараптар Қырғыз Республикасының меншігіне жататын мынадай су шаруашылығы құрылыстарын:

Шу өзеніндегі Орта Тоқай су қоймасын;

Быстров СЭС-нен Тоқмақ қаласына дейінгі Шу өзеніндегі Шу темірбетонды айналма арналарын;

Батыс және Шығыс Үлкен Шу арнасын, құрылыстарымен бірге;

Шу өзеніндегі Шөміш су торабын;

Талас өзеніндегі Киров су қоймасын мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарына жатқызады.

## **3-бап**

Меншігінде мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстары бар иеленуші Тарап осы құрылыстарды пайдаланушы Тараптан олардың қауіпсіз және сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін қажетті шығыстарға қатысты өтемақы алуға құқылы.

## **4-бап**

Тараптар мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға, техникалық күтім жасауға жұмсалған шығындарды өтеуге алынатын судың мөлшеріне барабар үлестік негізде қатысады және басқа да келісілген іс-әрекеттер жасайды.

## **5-бап**

Мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын қауіпсіз және сенімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін Тараптар жұмыс режимін белгілейтін және оларды пайдалану мен техникалық күтім жасауға қажетті шығындардың көлемін анықтайтын, тұрақты жұмыс істейтін комиссияларды құратын болады.

## **6-бап**

Тараптар мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен техникалық күтім жасау үшін жыл сайын қажетті қаражаттардың бөлінуін көздейді.

## **7-бап**

Тараптар өздерінің ықпал ету аймағындағы мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын және аумақтарды су тасқындарынан, селдер мен басқа да табиғи құбылыстардың қолайсыз әсерінен қорғау жөнінде бірлескен іс-шараларды жүзеге асыруға міндеттеме алады.

## **8-бап**

Күтпеген табиғи құбылыстарға немесе техникалық себептерге байланысты мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарында төтенше жағдайлар туындаған кезде Тараптар бірін-бірі кідіріссіз хабардар етуге, оларды болдырмау, басу және зардаптарын жою жөнінде бірлескен іс-әрекеттер жасауға тиісті.

## **9-бап**

Тараптар мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жедел және тиімді жүргізу мақсатында бір-бірінің құрылыстық, жөндеу-пайдалану және өнеркәсіптік қуаттарын пайдалану қажеттілігін таниды.

## **10-бап**

Тараптар су шаруашылығы құрылыстары мен су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіружұмыстарын бірлесіп жүзеге асыруға келісті.

## **11-бап**

Тараптар мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға және оларға техникалық күтім жасауға арналған материалдарды, шикізаттарды, тетіктер мен машиналарды, қызметшілерді өз мемлекетінің аумағы мен шекарасы арқылы кедергісіз және баж салынбайтын қозғалысына жағдай жасайды.

## **12-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Тараптардың арасында даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

## **13-бап**

Тараптардың келісуімен асы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 14-бап

Осы Келісім олардың ұлттық заңнамаларында көзделген, Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерін орындау туралы соңғы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жылға жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы тиісті мерзімнің өтуінен алты ай бұрын оның қолданылуын тоқтату туралы ниетін басқа Тарапқа хабарламаса, өздігінен келесі бесжылдық мерзімдерге ұзартылатын болады.

Астана қаласында 2000 жылғы 21 қаңтарда, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілінде екі түпнұсқа дана болып жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін

Мамандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК